

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтарды виза ресімдеуден босату туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 218 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2003 жылғы 11 қарашада Манила қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтарды виза ресімдеуден босату туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтарды виза ресімдеуден босату туралы
КЕЛІСІМ**

(2005 жылғы 28 наурызда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі,

екі жақты қарым-қатынасты одан әрі кеңейтуге тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Екінші Тараптың мемлекетінде тіркелмеген жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары келген кезінен бастап 30 (отыз) күн ішінде визасыз екінші Тарап мемлекетінің аумағына келе алады, кете алады, транзитпен өте алады және онда уақытша бола алады.

Жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болатын уақытында осы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

2-бап

Екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы дипломатиялық өкілдікке, консулдық мекемеге немесе халықаралық ұйымға жұмысқа жіберілген жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары сол елде олар болатын бүкіл кезеңге жарамды виза алуы тиіс. Осы ереже сондай-ақ егер олардың дипломаттық немесе қызметтік паспорттары болса немесе олардың аты-жөні әкесінің немесе шешесінің паспортына жазылса, дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне, сондай-ақ олардың асырауындағы адамдарға да қатысты қолданылады.

3-бап

Дипломатиялық өкілдіктерге, консулдық мекемелерге немесе халықаралық ұйымдарға жұмысқа тағайындалған, жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына және олардың отбасы мүшелеріне визалар олар жол жүргенге дейін ресімделеді.

Жіберуші Тарап мемлекетінің уәкілетті органы дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға тиісті адамдардың тағайындаулары туралы қабылдаушы Тарап мемлекетінің уәкілетті органына алдын ала хабарлайды.

4-бап

Дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары халықаралық қатынастар үшін ашық, барлық өткізу пункттері арқылы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келе алады.

5-бап

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарап мемлекетінің азаматына, егер аталған тұлға қолайсыз деп танылса немесе *persona non grata* деп жарияланса өз шешімін дәлелдеп жатпастан оның келуіне рұқсат беруден бас тартуға, немесе оның өз аумағында болу мерзімін қысқартуға немесе тоқтатуға құқылы.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары осы Келісімге қол қойылған кезден бастап 30 (отыз) күн ішінде дипломатиялық арналар бойынша қолданылып жүрген дипломаттық және қызметтік паспорттардың үлгілерімен алмасады. Өзінің паспорттары өзгерген жағдайда кез келген Тарап екінші Тарапқа жаңа паспорттардың

үлгілерін табыс етеді және оларды қолданысқа енгізгенге дейінгі 30 (отыз) күн ішінде оларды қолданудың тәртібі туралы хабарлайды.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар және пікір алшақтығы туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешетін болады.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын әрі жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 10-бабына сәйкес күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісім олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

10-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасының күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын екінші Тарапқа жазбаша хабарлау жолымен тоқтата алады. Осы Келісім Тараптардың бірінің екіншісіне тиісті хабарламаны жолдаған күннен кейін 6 (алты) айдан кейін қолданысын тоқтатады.

2003 жылғы 11 қарашада Манила қаласында екі түпнұсқалық данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, сонымен бірге барлық мәтіндердің к ү ш і б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ФИЛИППИН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН ҮКІМЕТІ ҮШІН